

Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге байланысты саудаластықты ұйымдастыру мен өткізу шығыстарын белгілеу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 мамыр N 624. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен. ~P991504

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар жарлығының 20-бабына сәйкес мемлекеттік меншікті жекешелендіруден бюджетке қаражаттың түсуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жекешелендіру әзірлеу және оны өткізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға байланысты шығыстарды Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті жекешелендіру объектілерін сатудан алынған қаражаттар есебінен жүзеге асыратын болып белгіленсін. Аталған мақсаттарға жұмсалатын қаражаттың шекті мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті жылға арналған республикалық бюджет бекітілгеннен кейін белгілейді.

Объектілерді жекешелендіруге байланысты шығындарды қаржыландыруға пайдаланылатын қаражаттардың шекті мөлшері 1996 жылға жекешелендіруден түскен нақты қаражаттардың 2 процентінен аспайтын сомада белгіленсін.

2. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге байланысты саудаластықты өткізу мен ұйымдастыруға арналған қаражатты пайдаланудың тәртібі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік мүлік пен акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін сату жөнінде саудаластықты ұйымдастыру мен өткізуге арналған қаражатты пайдалану Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен

келісілген шығынның жиынтық сметасына сәйкес жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі саудаластықты ұйымдастыру мен өткізуге бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуына бақылау жасауды жүзеге асырсын.

Прем'єр-Міністрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 22 мамырдағы
N 624 қаулысымен
Бекітілген

Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге байланысты
саудаластықты ұйымдастыру мен өткізуге арналған қаражатты
пайдалану тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Заң күші бар Жарлығына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

2. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге байланысты саудаластықты ұйымдастыру мен өткізуге арналған қаражат Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген шығыстардың жиынтық сметасына сәйкес, жылға белгіленген лимит шегінде пайдаланылады.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті жиынтық сметаларға сүйене отырып, аумақтық комитеттердің саудаластықты ұйымдастыру мен өткізуге арналған шығыстарының сметаларын б е к і т е д і .

4. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті саудаластықты ұйымдастыру мен өткізуге қаражат бөлу жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін, сондай-ақ аумақтық комитеттер - жергілікті финанс органдарын, салық инспекцияларын және Ұлттық Банктің қызмет көрсететін мекемелерін хабардар етеді.

5. Ұлттық Банк мекемесінің 609-шотында қаражат болған жағдайда шығыстар жұмсауға рұқсат береді, сыртқы бетіне белгі соғады және жиынтық қалдықтарын шығарады. Жалақы саудаластықты өткізуге жұмсалған шығыстар сомасы шегінде төленеді. Қазақстан

Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен аумақтық комитеттерге 609-шоттан саудаластықты ұйымдастыру мен

өткізуге жарты айлық шығын мөлшерінде қаражат брондауға рұқсат етіледі.

6. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен аумақтық комитеттерге:

жарнамаға, хабарландыруға, ақпараттық хабарларға;

іссапарлық шығыстарға;

көлік шығыстарына;

қалааралық сөйлесулерге;

кеңселік шығыстарға;

материалдарды басуға және көбейтуге;

аукциондар өткізу үшін үй-жайларды жалдауға;

аукциондар өткізу үшін аукционшының көрсететін қызметтеріне;

жекешелендіру процесін ұйымдастыруға тартылған делдалдың көрсеткен қызметіне төлеуге бөлінген қаражатты пайдалануға құқық беріледі;

7. Саудаластықты ұйымдастыру мен өткізуге арналған қаражат Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің және оның аумақтық органдарының жеке мұқтаждарына пайдаланылмауға тиіс.

Саудаластықты ұйымдастыру мен өткізуге көзделген қаражаттардың басқа мақсаттарға пайдаланылған фактілері анықталған жағдайда, орынсыз жұмсалған сома Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық комитеттерінің бюджеттік қаржыландыру қаражаты есебінен орнын толтыруға жатады.

Қаражаттың саудаластықты ұйымдастыру мен өткізуге нақты жұмсалғаны туралы мәлімет тоқсан сайын, келесі есепті тоқсан айының 28-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынылады.